

Мойынқұм ауданы елді мекендерінде мысықтар мен иттер ұстау ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Мойынқұм аудандық мәслихатының 2011 жылғы 28 наурыздағы N 36-9 Шешімі. Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 29 сәуірде 6-7-69 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы мәслихатының 2012 жылғы 23 шілдедегі № 6-5 шешімімен

Күші жойылды - Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы мәслихатының 2012 жылғы 23 шілдедегі № 6-5 шешімімен

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 3-бабының 2 тармағына және 311- бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1 тармағының 8) тармақшасына сәйкес, Мойынқұм аудандық мәслихаты **ШЕШІМ** **ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мойынқұм ауданы елді мекендерінде мысықтар мен иттерді ұстау ережелері бекітілсін.

2. Осы Шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
сессиясының төрағасы

Е.Ошақбаев

Мойынқұм

2011

№

36-9

жылғы

Ш. Исабеков

аудандық

28

шешімімен

Аудандық мәслихаттың
хатшысы

мәслихаттың

наурыздағы

бекітілген

Мойынқұм аудан елді мекендерінде мысықтар мен иттерді ұстау Ережелері 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Мойынқұм ауданы елді мекендерінде мысықтар мен иттерді ұстауды белгілеу мақсатында әзірленген.

2. Ережелер меншік түріне қарамастан иттер мен мысықтарды ұстайтын

барлық жеке және заңды тұлғаларға тарайды.

3. Осы Ережелер "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 3-бабының 2-тармағына және 311-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1 тармағының 8) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2-тарау. Иттерді және мысықтарды ұстау тәртібі

4. Иттер және мысықтар жеке ветеринарлық төлқұжатын беру жолымен сәйкестендіріледі.

5. Иттер мен мысықтарды беру, сату, сатып алу, сонымен қатар қала, облыс және республикадан тысқары, шығару, кіргізу, олардың «құтыруға қарсы егілген» белгісі бар ветеринариялық төлқұжаты болған жағдайда рұқсат етіледі.

6. Келесілерге жол берілмейді:

1) иттер мен мысықтарды көп пәтерлі тұрғын үйлердің аулаларында, балалар ойнайтын алаңдарында серуендетуге;

2) иттерді тұмылдырықсыз және ұзын шылбырда серуендетуге;

3) мас күйіндегі тұлғалар мен 14 жасқа толмаған балаларға иттерді серуендетуге;

4) адамдардың шомылуына арналған орындарда, су бұрқақтарда және су алу орындарында иттер мен мысықтарды шомылдыруға;

5) тұрғын үй қоры пәтерлерінде және жеке тұрғын үйлерде қандай да болмасын иттер мен мысықтардың түрлері үшін паналау баспанасы мен питомниктер ұйымдастыруға;

6) тіркелмеген (есепке алынбаған) және егуден өтпеген иттер мен мысықтарды ұстауға;

7) иттер мен мысықтарды оның терісін пайдалануға, етін тұтынуға, өңдеу және сату үшін оларды ұстауға немесе аулауға;

8) Мойынқұм ауданы аумағында иттерді таластыру және басқада жануарларға қатысты қатыгез іс-шаралар ұйымдастыру мен өткізуге, (жануарларға зақым келтірмейтін және күзетші иттерді өсіру үшін дұрыс тұқымдық сұрыптау жүргізуге мүмкіндік беретін, арнайы ережелермен иттердің жұмыс сапаларын тексеруді көздейтін іс шаралардан басқа).

9) иттерді және мысықтарды көп пәтерлі тұрғын үйлердің ортақ пайдаланатын орындарында және жатақханаларында ұстауға.

7. Адамдарды немесе жануарларды тістеген иттер және мысықтар тез арада оқшаулау және бақылау үшін жақын маңдағы ветеринариялық емдеу мекемесіне

жеткізіледі.

8. Иттерді және мысықтарды ұстау ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен нормативтерге, сондай-ақ олардың биологиялық қажеттіліктеріне сәйкес және ізгілікті қарауда жүзеге асырылады.

9. Санитарлық-гигиеналық, зоогигиеналық талаптар мен осы Ереженің талаптарын орындаған жағдайда мыналарға рұқсат беріледі:

1) көппәтерлі тұрғын үйдегі бір отбасы пәтерінде ірі және орта тұқымды екі итті және екі мысықты үш айға дейінгі ұрпақтарын қоса ұстауға. (Жасы үш айдан асқан күшіктер мен мысықтар жаңа иелеріне немесе қаңғыбас жануарларды аулау және ұстаумен шұғылданатын арнайы мекемеге беруілуі тиіс. Күшіктер мен мысықтарды жаңа иелеріне беру жануардың ветеринариялық төлқұжатымен қоса жүзеге асырылады.);

2) бірнеше жанұялар тұратын тұрғын жайда (коммуналдық пәтер), тек өзінің жанұясы тұратын тұрғын жайында барлық пәтерде тұрушылардың жазбаша келісімі бойынша көршілердің дәрігерлік кері көрсеткіші (ұшыну) болмаса екі ит пен мысықтарды тек өзі тұратын тұрғын жайда ұстауға.

3-тарау. Қорытынды ережелер

10. Осы Ережені бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының Заңнамаларына сәйкес белгіленеді.